

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық серия**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№1 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**

выходит 4 раза в год

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/QZXY9517>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/TZOC4207>

**\*Н. Қ. Жүсіпов<sup>1</sup>, М. Н. Баратова<sup>1</sup>,  
Г. Қ. Жүсіпова<sup>2</sup>, Е. Қ. Жүсіпов<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Торайғыров университеті,  
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

<sup>2</sup>«Тұран-Астана» университеті,  
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

\*e-mail: [nartai1970@mail.ru](mailto:nartai1970@mail.ru)

## **АЛАШ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ФОЛЬКЛОРТАНУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ: ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ**

*Бұл мақалада «Алаш» партиясы негізін қалаушылардың бірі, Алашорда үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы Әлихан Бөкейхановтың өмір жолы, қазақ қоғамының дамуындағы рөлі, фольклортанушылық қызметі жан-жақты қарастырылған.*

*XX ғасырдағы Ақпан төңкерісі, қоғамды ілгерілетуде, ғылымды дамытуда т.б. атқарған еңбектері, «Алаш» партиясы, Алаш қозғалысы, Алаш әскері т.б. мәселелері төңірегінде сөз қозғасағанда – бәрінде дерлік Ә. Бөкейханов есімі аталып жүргені белгілі.*

*Ә. Бөкейхановтың XX ғасырдың басында «Қыр баласы» деген бүркеншік атымен жарияланған еңбегінде «Жаңа жыл» мақаласы, өңделген «Қара Қыпшақ Қобыланды», «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырлары т.б. жинастырылған.*

*Мақалада «Қыр баласы» еңбегіндегі «Қара Қыпшақ Қобыланды» жырына және белгілі фольклортанушы ғалым Г. Н. Потанин есіміне назар аударылған. Мұнда Г. Н. Потанин есімінің жиі аталуы, оның еңбектерінің Ә. Бөкейхановтың фольклортанушы ғалым болып қалыптасуындағы рөлімен байланысты. Әсіресе, Г. Н. Потаниннің фольклорды қандай мақсатта, қандай жанрлар төңірегінде жинап, зерттеу жүргізгендігі, сол зерттеу барысында қандай әдістер қолданғандығы, жалпы қазақ фольклортану ғылымы үшін атқарған қызметі т.б. – барлығы Ә. Бөкейхановтың фольклортанушы ғалым болып қалыптасуына әсер еткені сөз болады.*

*Кілтті сөздер: Әлихан Бөкейханов, фольклор, зерттеу, жинау, жариялау, Г. Н. Потанин, «Қыр баласы», «Қара Қыпшақ Қобыланды».*

### **Кіріспе**

XX ғасырдың басындағы қазақ ұлт-азаттық қозғалысы басшыларының бірі, «Алаш» партиясы негізін қалаушылардың бірі, Алашорда үкіметінің төрағасы болған Ә. Бөкейхановқа тәуелсіздіктен кейін ғана назар аударылып, оның еңбектері өз алдына жеке жинақ болып шыққаны белгілі.

Сондай-ақ 1917 жылғы Ақпан төңкерісі, сол кездегі қазақ қоғамының азаттық жолындағы қозғалысы шығу себептері сөз болғанда, халыққа көшбасшы болған қайраткерлердің тек қана саяси жұмыстармен ғана шектелмей, қоғамды ілгерілетуде, ғылымды дамытуда т.б. атқарған еңбектері, «Алаш» партиясы, Алаш қозғалысы, Алаш әскері т.б. мәселелері төңірегінде сөз қозғағанда т.б. – бәрінде дерлік Ә. Бөкейханов есімі аталып жүргені белгілі.

Бұл еңбектерде 1916 жылғы июнь жарлығы кезінде Семей облысының Алаш қаласында жастардың «Жанар» атты ұйымы құрылуы, Ресейдің бірінші және екінші Мемлекеттік Думасына депутат болған қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси көзқарастарын талдауда, XIX ғасырдың аяғында XX ғасырдың басында болған Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысының идеялық эволюциясының проблемалары сөз болғанда, өздерінің әдеби шығармаларының беттерінде демократиялық мәндегі ұлттық тең құқықтылық, халықтың мәдениетін көтеру, отаршылдардың жер мен суды тартып алуына наразылық білдіру сияқты әлеуметтік саяси мәні бар мәселелерді көтеруде т.б. – бәрінде де Ә. Бөкейхановтың өзіндік үлесі бар екені орынды көрсетілген.

### **Материалдар мен әдістер**

Мақала жазылу барысында аналитикалық, типологиялық, тарихи-салыстырмалы, тарихи-функционалдық, нарративтік т.б. ғылыми әдістері қолданылды.

### **Нәтижелер және талқылау**

Ә. Бөкейхановтың 1866 жылы бұрынғы... Семей облысы Қарқаралы уезі Тоқырауын болысында дүниеге келгені, жастайынан хат таныған, зерек, алғыр Әлиханды әкесі Қарқаралыдағы үш сыныпты мектепке бергені белгілі.

Ә. Бөкейхановтың одан әрі 1879–1886 жылдары Қарқаралы мектебінде, 1886–1890 жылдар Омбы техникалық училищесінде, 1890–1894 жылдары Санкт-Петербургтегі Орман институтының экономика факультетінде оқуы, ал 1896–1903 жылдары Щербина экспедициясы жұмысына қатысуы, 1905 жылы Мәскеуде өткен земство және қала қайраткерлерінің съезіне қатысуы т.б. – бәрі өмірбаяндық деректерде орын алған [1].

1937 жылғы 27 қыркүйек КСРО Жоғарғы соты әскери коллегиясының негізсіз үкімі бойынша ату жазасына кесілгенге дейін, Ә. Бөкейханов атқарған

жұмыстарды жай атап өтудің өзі оның қоғамдық белсенділігін танытады. Атап айтқанда:

- I Мемлекеттік Думаға Семей облысы атынан депутат болып сайлануы;
- Омбы генерал-губернаторының негізсіз жарлығымен үш ай Павлодар абақтысында отыруы;
- Выборг үндеуіне қол қойғаны үшін Санкт-Петербург Сот палатасының шешімімен 3 айға Семей түрмесіне жабылуы;
- Омбыда шығатын «Голос степи», «Омиш», «Иртыш» газеттерінде, Петербургте шығатын «Товарищ», «Речь», «Слово» газеттерінде т.б. редакторлық қызмет атқаруы;
- 1909–1917 жылдар аралығында Самараға жер аударылып, Дон егіншілік банкі бөлімшесінде жұмыс істеуі;
- XX ғасырдың басында қазақ қоғамының саяси және рухани өміріне араласа бастауы;
- «Қазақ» газетін ұйымдастыруда зор еңбек сіңіруі;
- 1917 жылы Уақытша үкіметтің Торғай облысы комиссары;
- 1917 жылы Жалпықазақ съезін ұйымдастыруы;
- «Алаш» партиясын құруға;
- «Алашорда» үкіметін құруға ат салысуы;
- 1920 жылы Қазақ АҚСР Егіншілік халық комиссариаты коллегиясының мүшесі;
- 1922 жылы ұлттар істері жөніндегі Халық комиссариаты жанындағы Орталық баспаның ғылыми қызметкері;
- 1926–1927 жылдар аралығында Ресей ҒА-ның ғылыми қызметкері т.б. – бәрі жоғарыда аты аталған еңбектерден белгілі [1].

1989 жылғы 14 мамырда КСРО Жоғарғы Сотының қаулысымен Әлихан Бөкейханов қайта ақталғаннан бері [2]. Ғалымның қазақтың тарихына, экономикасына, тілі мен әдебиетіне [3] т.б. еңбектері өз алдына жеке сараланып зерттеу нысаналарына айналса да, қазақ фольклортану ғылымына қатысты еңбегі арнайы қарастырылмағаны мәлім. Сол олқылықтың орнын толтыру үшін, Ә. Бөкейхановтың XX ғасырдың басында ұлттық қазақ фольклортану ғылымының қалыптасуына қосқан өзіндік еңбегін қарастырамыз [4].

Ә. Бөкейхановтың әдебиеттану тұрғысынан жазылған еңбектері [5] ғалым Д. Қамзабекұлы тарапынан жан-жақты қарастырылады [3]. Бұл зерттеуде Ә. Бөкейхановтың алғаш еңбектерінің бірі ретінде «Женщина в киргизской былине Кобланды» атты мақаласы [6] сарапталған. Бір қызығы ғалым В. М. Сидельников кітабында осы аты аталған мақала авторы есебінде Ә. Диваев есімі көрсетілген [7]. Шамасы, Кеңес үкіметі тұсында шыққан бұл кітапта Ә. Бөкейханов есімі аталмай, оның орнына Ә. Диваев көрсетілуінің

өзіндік себебі: біріншіден, ғалым Ә. Бөкейхановтың 1937 халық жауы деген негізсіз үкіммен ату жазасына кесілген КСРО Жоғарғы Соты әскери коллегиясының қаулысы әсері десек, екіншіден, бұркеншік атпен шыққан мақаланы Ә. Диваевтікі деп шатастыруы жатыр. Сондықтан да осы кітаптың басқа да жерлерінде де Ә. Бөкейханов есімі еш аталмайды. Демек Кеңес үкіметі тұсында жоғарыдағыдай себептермен баспадан шыққан түрлі-түрлі кітаптар, жинақтар мен монографиялар да түрлі өзгертулерге, өзгерістерге, редакциялануларға т.б. түсуі әбден мүмкін демекпіз. Ал, ол өз кезінде ғылымда осындай дерек бұрмалануына т.б. әкелетіні белгілі.

Ғалым Д. Қамзабекұлы одан әрі Ә. Бөкейхановтың 1915 жылы «Қазақ» газеті бетінде «Қара Қыпшақ Қобыланды батыр» жырына жазған пікірін сараптайды: «...бірінші, қаламгер фольклор заңдылығын ескермегендей көрінгенімен, негізі ауыз әдебиеті шығармаларының тарихилығы мен соған сәйкес (яғни, дәуірдің суретін көрсететін) көркемдігіне жіті назар аударған, ал бұл сол кез үшін әдебиетті танудағы үлкен жетістік еді; екінші, мақала авторлық әдебиет туған кезде жазылғандықтан, Әлиханнның аталған жырға қатысты мәселені нақты адамнан сұрағанына бірыңғай «фольклор заңдылығы» тұрғысынан қарауға да болмас; үшінші, қалай дегенде зерттеу иесінің жыр мәтіндеріндегі «саф» пен «қоспаны» саралауын өзіндік әдеби-эстетикалық тұжырымы болғандығымен түсіндіреміз» [3].

Жалпы Ә. Бөкейхановтың жоғарыдағыдай фольклорлық мұраларға пікір айтып, өзіндік талдау-талқысына т.б. салуына, бір сөзбен айтқанда, фольклортану жолына түсуіне себепкер кім десек?! Өмірбаяндық деректерде де [1], кейінгі жазылған зерттеу мақалаларында да [8] белгілі фольклортанушы ғалым Г. Н. Потанин есімі жиі аталуы т.б. – бәрі, сөз жоқ, Ә. Бөкейхановтың фольклортанушы ғалым болып қалыптасуында аталған ғалым еңбегінің әсері мол болғандығын танытады.

Жалпы Ә. Бөкейхановтың XX ғасырдың басындағы қазақ фольклортану ғылымына қатысты жазылған 10 шақты еңбегі бар. Олардың бірі – табиғат құбылысы, жыл мезгілдері туралы космологиялық түсініктер мен жыл басы-наурыз айы туралы жазылған «Жаңа жыл» атты мақаласы [9]; екіншісі – «Қара Қыпшақ Қобыланды» атты сын-мақаласы [10]; үшіншісі – «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш- Баян сұлу» атты жырларды өңдеп бастырған кітаптары [11]; төртіншісі – белгілі зерттеуші А. Байтұрсынұлының жинап, өңдеп бастырған «Ер Сайын» мен «23 жоқтау» кітаптарын саралап, алғы сөзін жазғандары [12] т.б. – бұлардың бәрі Ә. Бөкейхановтың «Қыр баласы» деген бұркеншік атымен жарияланған.

Ә. Бөкейханов 1913 жылы «Қазақ» газеті бетінде белгілі фольклортанушы ғалым Г. Н. Потанинге арнап мақала жазады. Мақалада Г. Н. Потаниннің туған жылы, жері, қай жерде, кіммен бірге оқығандығы, қандай қысым көріп,

қанша мерзімге сотталғаны, қазақ фольклортану ғылымы үшін атқарған қызметі т.б. турасында бағалы дерек көздерімен қатар, XX ғасырдың басында фольклор үлгілерін қай жерлерден жинастырғандығы хақында мәліметтер келтіріледі: «Осы келер жаз Потанин Семей облысы, Қарқаралы уезі, Тоқырауын өзені бойына барады. Июнь басында «Қоянды» жәрмеңкесінде болады. Тоқырауында жаздай жатып, қазақты аралап көрмекші, қазақтың ертегі, жұмбақ, мақал, ескі жақсыларының сөзін жинамақшы», - делінген [13].

Ә. Бөкейханов сонымен қатар Г. Н. Потаниннің қай жанрларды жинайтынына назар аудартумен бірге, осы істе қандай мақсат көздейтініне де көңіл бөлгізеді: «Потанин дүниедегі тілдердің бәрінде айтылған неше жұрттың іргелі мақал, өзге сөздерін қарастырып, сонан қай жұрт қай жұрттан өнеге-үлгі алғанын шығарып отыр» [13]. Демек қазақ зерттеушісі Г. Н. Потаниннің фольклорды типологиялық тұрғыдан зерттеу әдісін меңгергендігін, түсінгендігін, білетінін т.б. танытады.

Одан әрі Ә. Бөкейханов жиналған фольклорлық нұсқаларды әрі жүйелеу, әрі сараптау керектігін де Г. Н. Потаниннің фольклортанушылық еңбегінен мысалға келтіре отырып, басқаларға үлгі-өнеге ретінде ұсынады.

Сондай-ақ қазақтар арасында «ақ боз ат», «жеті қарақшы» туралы айтылған түрлі аңыздарды моңғолдың Шыңғыс хан төңірегінде өрістеген үлгілерімен салыстыра отырып, түбі бір төркіндестіктің, ұқсастықтың т.б. бар екеніне назар аудартады: «...Осы «ақ боз ат», «жеті қарақшы» туралы айтылған сөздерді күншығыста неше жұрт неше түрге салып сөйлеп жүр. Бұрынғы уақытта адам баласы аспандағы жұлдызға, күнге, айға табынған. Тегі қазақтың «жеті қарақшы», «ақ боз ат» деген сөздері бұрынғыдан қалған ертедегі сөз ғой. Жылда құрбанға шалып тауыспайтын тәңірі Шыңғыстың «ақ боз» атының ертегісі мен қазақ ертегісі бір тұқымдас ғой», – деуінен [13], біз Ә. Бөкейхановтың фольклорлық мәтіндерді зерттеу әдістерінің бірі – тарихилық зерттеу әдісімен де таныс болғандығы анықталады.

Келесі бір «Григорий Николаевич Потанин» деген мақаласында [12] Ә. Бөкейханов Г. Н. Потаниннің әкесі хақында және досы Шоқан Уәлиханов жайында т.б. деректер келтіреді. Сонымен қатар Г. Н. Потаниннің жазған еңбектеріне, өмірбаянына т.б. шолу жасайды: «1915 жылы Г. Н. Потанин 80 жасқа толды. Г. Н. Потанин атына бағыстап шәкірттері кітап басты. Соған қосылып қазақтың өлеңін, жырын, мақалын біздің қазақ жастары да баспақ болды. Мына «Ер Сайын» мұның басындағы Ахметтің «Г. Н. Потанинге тартуы» сонда басылмақ болған еді. Күншығыс баспасы баспақ болып отырған Баржаксыұлы Ахмет жиған «Мың бір мақал да» Г. Н. Потанинге қалап басылмақ еді», - делінген [14]. Міне, бұдан біз XX ғасырдың басында қазақ фольклортану ғылымында белгілі бір фольклор үлгілері жарияланғанда

арнайы бір тапсырыс көлемінде де, кейде белгілі бір мерейтойға да үйлестіріп т.б. іске асырылғандығын да байқаймыз.

1914 жылы Қазанда «Үміт» баспасынан «Қара Қыпшақ Қобыланды батыр» жыры басылым көргені, оны Қостанай уезі, Қарабалық болысының қазағы Біржан Толымбайұлының жырлауынан Махмұдсұлтан Тұяқбайұлы қағазға түсіргені белгілі [3]. Міне, осышыққан кітапқа Ә. Бөкейханов «Қазақ» газеті бетінде арнайы сын- мақала арнайды [15]. Сонымен бірге тап 1914 жылы Троицк қаласы баспасынан «Қара Қыпшақ Қобыланды» жырының енді бір нұсқасы жарық көреді [16]. «Айқап» журналында бұл жырда ел аузынан жазып алған С. Торайғыров екендігі туралы дерек келтіріледі [15].

Жалпы Ә. Бөкейхановтың «Қара Қыпшақ Қобыланды» сын- мақаласы іштей 7 бөлімнен тұрады да, басы Абай Құнанбаевтың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» атты өлеңінің 6 тармағымен басталады. Міне, осы үзіндіден біз Ә. Бөкейхановтың фольклорды сөз өнері деп қарастырғанын сараптаймыз. Еңбектің басы, бірінші бөлімі сәл мазмұндау үлгісінде бастау алады да жырдағы Көклан кемпір, Қобыланды, Қараман, Көбікті бейнелерін т.б. қысқаша сараптау да орын алған.

Екінші бөлімінде, Ә. Бөкейханов Қара Қыпшақ Қобыланды батыр бейнесінің «Едіге» жыры ішінде де кездесетінін еске сала отырып, Шәкәрім Құдайбердиевтің «Түрк, қырғыз, қазақ хәм хандар» шежіресі мен Ш. Уәлиханов еңбегі негізінде аталған батырдың XIV ғасырда өмір сүргенін дәлелдеуге тырысқан: «...Бұл Қобыландының ісі XIV ғасыр ортасы болуға лайық. Тоқтамысқа болысқан Литва князь Витовты Воркесла өзені бойында (бұл Полтава губерниясында Днепр саласы) Ақсақ Темірдің қолбасшысы Едіге алған. Бұл соғыс 1399-шы жылы болған. Бұған қарағанда Едіге Тоқтамыстан кеткен соң Ақсақ Темірге қолбасы болған болса керек. Мұнан көрінеді: Қобыландының Тоқтамыс, Едігелермен замандас болғаны», – делінген [17]. Міне, бұдан біз ғалым Ә. Бөкейхановтың фольклорға тарихи дерек көзі ретінде қарағанын анықтаймыз [18].

Сонымен қатар «Қобыланды» жырындағы қалмақ ханы Қазанның Қобыландыдан бұрын болғанын Шәкәрім шежіресіне сүйене отырып, екеуінің арасында, яғни қалмақ ханымен соғыстың болуы мүмкін емес деген т.б. түйінге де ойысады: «...Жоғарыда жазғанымнан анық болар: «Қобыландыда» ақын қосқан, тарихқа тура келмейтін көп қосымша бар. Қазақ тарихына пайдалы сөз «Қобыландыда» аз көрінеді», – деуінен [17], біз ғалым Ә. Бөкейхановтың фольклорды (эпосты) кейде тура тарих көшірмесі деп қарастырғысы келгенін де көреміз. Әйтсе де ауызекі шығарма болғандықтан, фольклордың түр жағынан, мазмұн жағынан, формасы болсын т.б. өзгертетінін, түрленетінін, дамитынын, ғұмырнамалық тұтастануды бастан кешіретінін т.б. ескермеген тәрізді [19]. Ә. Бөкейхановтың



арнайы фольклортанушылық білімі болмауы да жоғарыдағы пікірді айтуға себепші болса керек.

Ал, үшінші бөлімде, ғалым Ә. Бөкейхановтың фольклорды халықтың мәдениет тарихының көзі деп қарағанын сараптаймыз. Мәселен: «...Бес ауыз өленде жұрт салты айнаға түскендей көрініп тұр. Жеккен арба, болдырған ат, жемтік іздеп ұшқан қарға, өрмек тоқыған қатын, жылаған бала, қайғырған ару – бәрі мұнда бар, – дей отырып, – ...«Қобыландыда» бұл сияқты дәмді сөз жоқ десек, адасқан болмаймыз. «Қобыланды» кейінгі айтушының тепкісін көп көріпті. Бұл айтушылар өз жандарынан көп сөз қосқан», – деуінен [17], біз ғалымның кейінгі айтушылардың нұсқаны өзінше өзгеріске, тарихи кезеңге сәйкес емес жасандылыққа т.б. түсіргенін ұнатпағанын аңғарамыз. Демек бұл нұсқаны «Қобыланды» жырының жеке бір нұсқасы деп те қарастырмағанын дәйектейміз.

Ал, еңбектің бесінші бөлімдегі ғалымның мына бір пікірінен: «Міне, осындай «тілге жеңіл, жүрекке жылы, теп-тегіс жұмыр келген айналасы» деген Абай сынына жанасатын өлең мынау беттерде... – дей келе, – қазақта «Қобыландыны» шығарған кісі тегінде жақсы ақын екен» – деген сөз осы өлендерге қарап айтылған болар», – деуінен [17], біз Ә. Бөкейхановтың фольклордың көркемдік ерекшелігіне де баса назар аударатынына көз жеткіземіз. Ал, бірде ғалым: «Қобыландыда» жақсы өлендердің қосағына көп дәмсіз өлендер қосақталған көрінеді... «Қобыландыны» қайта басқанда, бұл сары-ала сөздерді шығарып тастаған жөн», – деуінен де зерттеушінің фольклор үлгісін кейінгі түрлі «қоспа» делінгендерден арылту талабы шаң береді [17].

Міне, мұнда әлемдік фольклортану ғылымында фольклор үлгілерін бастырғанда, ешбір өзгерістерге, өзгертулерге түсірмей, көркемдігі төмендігіне қарамай т.б. сол қалпында жарыққа шығару керектігі турасында қалыптасқан негізгі принциптеріне сай емес пікір айтуы т.б. – бәрі, сөз жоқ, белгілі бір ғылым саласының түрлі кезеңде түрлі ауытқуларға ұрынуы мүмкіндігін айғақтайды.

Ал, ғалымның мына бір пікірінен: «...кітапты қайта басқанда Қобыланды батырдың өзінің суретін де, атының суретін де жырдағы жазуға дәл қылып басу керек. Тайбурылды тяжеловоз боз айғырға айырбастағанға қазақ көзі ұялады», – деуінен [17], біз ХХ ғасырдың басында фольклор үлгілерін кітап етіп бастыру ісінде белгілі бір жүйеліліктің, ғылыми көзқарастың т.б. қалыптаса бастағанын сараптаймыз.

### **Қаржыландыру туралы ақпарат**

Бұл мақаланы Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырады (грант № АР19678022 «Алаш ғалымдарының фольклортанушылық қызметі: ХХ ғасырдың басы»).

### Қорытынды

Қорыта айтқанда, ХХ ғасырдың басындағы қазақ фольклортану ғылымына қатысты жазылған белгілі ғалым Ә. Бөкейханов еңбектерінен біз: біріншіден, сол кезеңдегі фольклор үлгілерін жинауда, әрі жариялауда, әрі зерттеуде болсын белгілі бір жүйеліліктің дәйектіліктің нышандары т.б. қалыптаса бастағанын көреміз. Екіншіден, сондай-ақ жетістікпен бірге кемшіліктің де орын алғаны және оның негізгі екі себебі анықталып отыр. Бірі – ол ғалымдардың арнайы фольклортанушылық білімі болмағандығы болса, екіншісі – сол кезеңдегі қазақ фольклортану ғылымының баландығымен түсіндіріледі.

### Пайдаланған деректер тізімі

1 **Қойгельдиев, М.** Әлихан Бөкейханов [Мәтін] – А. : Қазақстан, 1994. – Б. 5–39; Қазақстан ұлттық энциклопедиясы [Мәтін] – Т. 2. – А., 1999. – Б. 401–404; Волкова, Т. П. Материалы к биографии Алихана Букейханова (Казахский лидер-исследователь своей родословной) [Текст] // Отан тарихы. – 1998. – № 1. – Б. 95–100.

2 Социалистік Қазақстан. – 1989, 7 маусым.

3 **Қамзабекұлы, Д.** Әлихан Бөкейханның әдебиетшілігі [Мәтін] // Таң-Шолпан. – 2002. – № 5. – Б. 68–79.

4 **Sabol, S.** Russian Colonization and the Genesis of Kazak National Consciousness [Text]. – London : Palgrave Macmillan, 2003. – 233 p. – <https://doi.org/10.1057/9780230599420>

5 Түрк, қырғыз, қазақ һәм ханлар шежіресі (рецензия) [Мәтін] // Қазақ. – 1933. – № 12; Қалқаман-Мамыр (Шәкәрім). Сын [Мәтін] // Қазақ. – 1915. – № 121.

6 Женщина в киргизской былине «Кобыланды» [Текст] // Туркестанские ведомости. – 1899. – № 35. – Б. 208–209; 1899. – № 38. – Б. 228–229; № 42. – Б. 254–255.

7 **Сидельников, В. М.** Устное поэтическое творчество казахского народа. [Текст] – А. : Наука, 1969. – Б. 72.

8 **Григорий Николаевич Потанин** [Текст] // Қазақ. – 1913. – № 15.; Григорий Николаевич Потанин. [Текст] – М. : Ұлттар комиссариаты карауындағы күншығыс баспасы, 1923. – Б. 86–91.

9 **Бөкейханов, Ә.** Қыр баласы. Жаңа жыл [Мәтін] // Қазақ. – 9 март, 1914. – № 53.

10 **Бөкейханов, Ә.** Қыр баласы. Қара Қыпшак Қобыланды [Мәтін] // Қазақ. – 1915. – № 126–129.

11 **Бөкейханов, Ә.** Ер Тарғын. [Мәтін] – М. : Кіндік баспа, 1923. – Б. 12; Қозы Көрпеш-Баян сұлу. [Мәтін] – Мәскеу : Кіндік баспа, 1924.

12 **Бөкейханов, Ә.** Ер Сайын. [Мәтін] – М. : Ұлттар Комиссариаты қарауындағы күншығыс баспасы, 1923. – Б. 86–91; 23 жоктау. [Мәтін] – М. : Кіндік баспа, 1926.

13 **Бөкейханов, Ә.** Қыр баласы. Григорий Николаевич Потанин [Мәтін] // Қазақ. – А. : Қазақ энциклопедиясы, 1998. – Б. 37–38.

14 **Бөкейханов, Ә.** Григорий Николаевич Потанин. [Мәтін] – А. : Қазақстан, 1994. – Б. 279.

15 Қара Қыпшақ Қобыланды [Мәтін] // Қазақ. – 10 декабрь, 1914. – № 89.

16 Айқап. [Мәтін] – А. : Қазақ энциклопедиясы, 1995. – Б. 352.

17 **Бөкейханов, Ә.** Қыр баласы. Қара Қыпшақ Қобыланды. [Мәтін] – А. : Қазақ энциклопедиясы, 1998. – Б. 173–179.

18 **Жусупов, Н. К., Баратова, М. Н.** Личность Едиге в рукописях Машхур Жусипа [Текст] // Вестник Торайгыров университета. Филологическая серия. – Павлодар : «Toraighyrov University», 2023. – № 4. – С. 172–181.

19 **Қасқабасов, С.** Қазақ фольклорының тұтастану құбылысы [Мәтін] // Жұлдыз. – 1992. – № 11. – Б. 181–198.

## References

1 **Koymeldiev, M.** Alikhan Bokeikhanov [Alikhan Bokeykhanov]. [Text] – A. : Kazakhstan, 1994. – P. 5–39; Qazaqstan ultiq ensiklopediasy [National Encyclopedia of Kazakhstan]. [Text]. – T. 2. – A., 1999. – P. 401–404; Volkova, T. P. Materialy k biografii Alihana Bokeihanova (Kazahski lider-issledovatel svoei rodoslovnoi) [Materials for the biography of Alikhan Bokeykhanov (Kazakh leader-researcher of his ancestry)] [Text] // Otan tarihy. – 1998. – № 1. – P. 95–100.

2 Sosialistik Qazaqstan. – 1989, 7 June.

3 **Kamzabekuly, D.** Älihan Bökeihannyñ ädibietşılıǵı [Literature of Alikhan Bokeykhan] [Text] // Таñ-Şолпан. – 2002. – № 5. – P. 68–79.

4 **Sabol, S.** Russian Colonization and the Genesis of Kazak National Consciousness [Text]. – London : Palgrave Macmillan, 2003. – 233 p. – <https://doi.org/10.1057/9780230599420>

5 Türk, qyrǵyz, qazaq häm hanlar şejiresi (resenzia) [Chronicles of Turkic, Kyrgyz, Kazakh and khanlar (review)] [Text] // Qazaq. – 1933. – № 12; Qalqaman-Mamyr (Şäkärım). Syn [Kalkaman-Mamyr (Shakarım). Criticism] [Text] // Qazaq. – 1915. – № 121.

6 Jenşına v kirgizskoi byline «Kobylandy» [A woman in the Kyrgyz epic «Kobylandy»] [Text] // Turkestarskie vedomosti. – 1899. – № 35. – P. 208–209; 1899. – № 38. – P. 228–229; № 42. – P. 254–255.

7 **Sidelnikov, V. M.** Ustnoe poeticheskoe tvorchestvo kazahskogo naroda [Oral poetic creativity of the Kazakh people] [Text]. – А. : Nauka, 1969. – Б. 72.

8 **Grigori Nikolaevich Potanin** [Grigory Nikolaevich Potanin] [Text] // Qazaq. – 1913. – № 15.; Grigori Nikolaevich Potanin [Grigory Nikolaevich Potanin]. [Text] – Moscow : Ûlttar komisariaty qarauyndaғы күншығыs баспасы, 1923. – P. 86–91.

9 **Bokeykhanov, A.** Qyr balasy. Jaña jyl [Kyr Balasy. New year] [Text] // Qazaq. – 9 mart, 1914. – № 53.

10 **Bokeykhanov, A.** Qyr balasy. Qara Qypşaq Qобыланды [Kyr Balasy. Kara Kipchak Kobylandy ] [Text] // Qazaq. – 1915. – № 126–129.

11 **Bokeykhanov, A.** Er Tarğyn. [Er Targyn] [Text] – Mäskeu : Kindik baspa, 1923. – Б. 12; Qozy Körpeş-Baian sülü [Kozy Korpesh-Bayan Sulu] [Text] – Moscow : Kindik baspa, 1924.

12 **Bokeykhanov, A.** Er Saiyn. [Er Saiyn] [Text] – Mäskeu : Ûlttar komisariaty qarauyndaғы күншығыs баспасы, 1923. – P. 86–91; 23 joqtau. [23 memorial songs] [Text] – Moscow : Kindik baspa, 1926.

13 **Bokeykhanov, A.** Qyr balasy. Grigori Nikolaevich Potanin [Kyr Balasy. Grigory Nikolaevich Potanin] [Text] // Qazaq. – А. : Qazaq ensiklopediasy, 1998. – P. 37–38.

14 **Bokeykhanov, A.** Grigori Nikolaevich Potanin [Grigory Nikolaevich Potanin] [Text]. – А. : Qazaqstan, 1994. – P. 279.

15 Qara Qypşaq Qобыланды [Kara Kipchak Kobylandy] [Text] // Qazaq. – 10 dekäbr, 1914. – № 89.

16 Aiқap. [Scream] [Text]. – А. : Qazaq ensiklopediasy, 1995. – P. 352.

17 **Bokeykhanov, A.** Qyr balasy. Qara Qypşaq Qобыланды. [Kyr Balasy. Kara Kipchak Kobylandy ] [Text]. – А. : Qazaq ensiklopediasy, 1998. – P. 173–179.

18 **Zhussupov, N. K., Baratova, M. N.** Lichnöst Edige v rukopisäh Maşhur Jusipa [The identity of Yedige in the manuscripts of Mashkhr Zhussip] [Text] // Vestnik Toraigyrov universiteta. Filologicheskaiа seria. – Pavlodar : «Toraighyrov University», 2023. – № 4. – P. 172–181.

19 **Kaskabasov, C.** Qazaq föklorыnyñ tütastanu qübylysy [The phenomenon of the integrity of Kazakh folklore] [Text] // Jüldyz. – 1992. – № 11. – P. 181–198.

24.11.23 ж. баспаға түсті.

24.01.24 ж. түзетулерімен түсті.

25.02.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

\*Н. К. Жусупов<sup>1</sup>, М. Н. Баратова<sup>1</sup>, Г. К. Жусупова<sup>2</sup>, Е. К. Жусупов<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Торайгыров университет,  
Республика Казахстан, г. Павлодар

<sup>2</sup>Университет Туран-Астана,  
Республика Казахстан, г. Астана

Поступило в редакцию 24.11.23.

Поступило с исправлениями 24.01.24.

Принято в печать 25.02.24.

## **ФОЛЬКЛОРИСТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ УЧЕНЫХ АЛАШ: АЛИХАН БОКЕЙХАНОВ**

*В данной статье подробно рассматриваются жизненный путь, фольклористическая деятельность Алихана Бокейханова, одного из основателей партии «Алаш», председателя правительства Алашорды, публициста, ученого, переводчика.*

*Когда речь идет о Февральской революции XX века, работе по продвижению общества, развитию науки и т.д., о партии «Алаш», движении Алаш, армии Алаш и т.д. – почти везде упоминается имя А. Бокейханова.*

*В работе А. Бокейханова, опубликованной в начале XX века под псевдонимом «Кыр баласы», собраны отредактированные эпосы «Кара Кыпчак Кобыланды», «Ер Таргын», «Козы Корпеш - Баян Сулу», статьи «Новый год» и др.*

*В статье основное внимание уделено эпосу «Кара Кыпчак Кобыланды» из труда «Кыр баласы» и имени известного ученого-фольклориста Г. Н. Потанина. Причина частого упоминания имени Г. Н. Потанина, связана с ролью его трудов в становлении А. Бокейханова ученым-фольклористом. В частности, речь идет о том, с какой целью, из каких жанров Г. Н. Потанин собирал и изучал фольклор, какие методы он использовал, какую деятельность он проделал для казахской фольклористики в целом и т.д. – все это повлияло на становление А. Бокейханова ученым-фольклористом.*

*Ключевые слова: Алихан Бокейханов, фольклор, исследование, сбор, публикация, Г. Н. Потанин, «Кыр баласы», «Кара Кыпчак Кобыланды».*

\*N. K. Zhussupov<sup>1</sup>, M. N. Baratova<sup>1</sup>, G. K. Zhussupova<sup>2</sup>, Y. K. Zhussupov<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Toraighyrov University,  
Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

<sup>2</sup>Turan-Astana University,  
Republic of Kazakhstan, Astana.

Received 24.11.23.

Received in revised form 24.01.24.

Accepted for publication 25.02.24.

## FOLKLORE ACTIVITIES OF ALASH SCIENTISTS: ALIKHAN BOKEYKHANOV

*This article examines in detail the life path and folkloristic activities of Alikhan Bokeykhanov, one of the founders of the Alash party, chairman of the Government of Alashorda, publicist, scientist, translator.*

*When it comes to the February Revolution of the twentieth century, the work to promote society, the development of science, etc., about the Alash party, the Alash movement, the Alash army, etc. – almost everywhere the name of A. Bokeykhanov is mentioned.*

*A. Bokeykhanov's work, published in the early twentieth century under the pen name «Kyr Balasy», contains edited epics «Kara Kipchak Kobylandy», «Er Targyn», «Kozy Korpesh – Bayan Sulu», articles «New Year», etc.*

*The article focuses on the epic «Kara Kipchak Kobylandy» from the work «Kyr Balasy» and the name of the famous scientist-folklorist G. N. Potanin. The reason for the frequent mention of G. N. Potanin's name is related to the role of his works in the formation of A. Bokeykhanov as a folklorist scientist. In particular, we are talking about the purpose for which, around which genres G. N. Potanin collected and studied folklore, what methods he used, what activities he did for Kazakh folklore in general, etc. – all this influenced the formation of A. Bokeykhanov as a folklorist scientist.*

*Keywords: Alikhan Bokeykhanov, folklore, research, collection, publication, G. N. Potanin, «Kyr Balasy», «Kara Kipchak Kobylandy».*

Теруге 26.02.2024 ж. жіберілді. Басуға 29.03.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,58 МБ RAM

Шартты баспа табағы 28,72. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4201

Сдано в набор 26.02.2024 г. Подписано в печать 29.03.2024 г.

Электронное издание

3,58 МБ RAM

Усл. печ. л. 28,72. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 4201

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz